

«ESIL UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІ



Бекітілді

«Esil University» мекемесінің

Ғылыми кеңесінің шешімімен

(2026 жылғы «28» 04 № 10 хаттама)

Ғылыми кеңес төрағасы

А. Таубаев



«ESIL UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІНІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕСІ

Е EsU 14-15

Астана 2026

	E EsU 14-15 «ESIL UNIVERSITY» мекемесінің білім алушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық ережесі	Редакция: 5-і 2 бет 19 -тен
---	---	--

Мазмұны

1	Жалпы ережесі	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Негізгі анықтамалар	5
4	Академиялық адалдық мақсат, міндеттері мен қағидаттары	6
5	Академиялық адалдық пен академиялық этика бұзушылық түрлері.	6
6	Академиялық адалдықты сақтау жөніндегі білім алушылардың құқықтары мен міндеттері.	9
7	Академиялық адалдықты сақтау жөніндегі қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері.	10
8	Академиялық адалдық қағидаларын бұзушылықтарды анықтау және олар туралы хабарлау тәртібі.	11
9	Академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын айқындау тәртібі.	12
10	Апелляция және қарау процессіне қатысушылардың құқықтарын қорғау тәртібі.	15
11	Академиялық адалдық бұзудың алдын алу.	16
12	Қорытынды ереже	17

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕСІ

1.1 Осы «Esil University» мекемесінің білім алушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) академиялық адалдықтың негізгі ұғымдарын, мақсаттарын, міндеттері мен қағида-тарын, академиялық адалдық пен академиялық этика қағидаларын бұзушылық түрлерін, білім алушылардың, оқытушылар мен Университет қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын қолданудың жалпы негіздерін айқындайды.

1.2 Академиялық адалдық «Esil University» мекемесінде (бұдан әрі – Университет) білім беру, ғылыми, зерттеу және бағалау қызметін ұйымдастырудың міндетті шарты болып табылады және оқыту нәтижелеріне деген сенімді, бағалаудың объективтілігін, білім сапасын және Университеттің академиялық беделін қамтамасыз етуге бағытталған.

1.3 Осы Қағидалардың талаптары барлық деңгейдегі білім алушыларға, оқытушыларға, ғылыми жетекшілерге, Университет қызметкерлеріне, сондай-ақ Университеттің білім беру, ғылыми, зерттеу, сараптамалық және бағалау процестеріне қатысатын өзге де тұлғаларға міндетті болып табылады.

1.4 Кафедралар, деканаттар, құрылымдық бөлімшелер және өзге де жауапты тұлғалар білім алушылар мен қызметкерлерді осы Қағидалармен, «Esil University» мекемесінің білім алушысы мен оқытушысының Ар-намыс кодексімен және Университеттің басқа да ішкі құжаттарымен таныстыруды қамтамасыз етеді. Таныстыру жазбаша түрде, Университеттің ақпараттық жүйелері арқылы немесе өзге де тәсілмен тіркелуі мүмкін.

1.5 Академиялық адалдық қағидаларын ықтимал бұзу туралы өтініштерді қарау «Esil University» мекемесінің Академиялық адалдық және этика жөніндегі комитеті туралы ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Қағидаларда келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы №9 «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен);
- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

- кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;

- «Esil University» мекемесінің Жарғысы;

- «Esil University» мекемесінің білім алушысы мен оқытушысының Ар-намыс кодексі;

- «Esil University» мекемесінің білім алушыларының ағымдық бақылауын, аралық және қорытынды аттестаттауын өткізу қағидалары;

- «Esil University» мекемесінің Академиялық адалдық және этика жөніндегі комитеті туралы ереже;

- «Esil University» мекемесіне білім алушылардан, қызметкерлерден және талапкерлерден келіп түскен өтініштерді қарау жөніндегі комиссия туралы ереже;

- ішкі еңбек тәртібі қағидалары және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттары.

3. Негізгі анықтамалар

3.1 Академиялық адалдық – алдау, плагиат, бұрмалау, рұқсат етілмеген көмек, жалғандық, қысым көрсету және өзге де адал емес мінез-құлық нысандарынсыз оқу, ғылыми, зерттеу, бағалау және кәсіби қызметті адал орындауды қамтамасыз ететін құндылықтар, қағидаттар мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы.

3.2 Академиялық этика – тұлғаны құрметтеуге, кәсіби моральға, объективтілікке, дұрыс қарым-қатынасқа, кемсітушілікке, буллингке, мүдделер қақтығысына, фаворитизмге және лауазымдық жағдайын теріс пайдалануға жол бермеуге негізделген академиялық процесс қатысушыларының мінез-құлық нормаларының жиынтығы.

3.3 Бағаланатын жұмыс – нәтижесі ағымдық, аралық, қорытынды бағалауға, аттестаттауға, ғылыми біліктілікке, академиялық рейтингке немесе өзге де академиялық шешімге әсер ететін кез келген оқу, жазбаша, практикалық, жобалық, зерттеу, ғылыми, емтихандық немесе басқа жұмыс.

3.4 Плагиат – авторлығы мен дереккөзі тиісті түрде көрсетілмей, өзге тұлғалардың идеяларын, мәтіндерін, деректерін, суреттерін, есептеулерін, нәтижелерін, бағдарламалық кодын, жұмыс құрылымын немесе зияткерлік қызметтің өзге де нәтижелерін иемдену немесе қайта ұсыну.

3.5 Өзін-өзі плагиаттау – бұрын орындалған жеке жұмыстарды, олардың бөліктерін, деректерін немесе нәтижелерін оқытушының, ғылыми жетекшінің, редакцияның, комиссияның немесе уәкілетті тұлғаның рұқсатынсыз және тиісті түрде көрсетпей жаңа жұмыс ретінде қайта ұсыну.

3.6 Фабрикация – жоқ деректерді, нәтижелерді, дереккөздерді, фактілерді, сілтемелерді, құжаттарды немесе өзге материалдарды жасау және оларды шынайы ретінде ұсыну.

3.7 Фальсификация – деректерді, нәтижелерді, құжаттарды, бағаларды, қолдарды, есептерді, дереккөздерді немесе өзге материалдарды қасақана бұрмалау, өзгерту, ауыстыру, жасыру немесе айла-шарғы жасау.

3.8 Мүдделер қақтығысы – академиялық процесс қатысушысының жеке, отбасылық, қызметтік, қаржылық, академиялық немесе өзге де мүдделілігі бағалаудың, шешім қабылдаудың, сараптаманың, жетекшіліктің немесе өтінішті қараудың объективтілігіне әсер етуі мүмкін немесе әсер етуі мүмкін деп қабылданатын жағдай.

3.9 Жасанды интеллектіні құқыққа қайшы пайдалану – тапсырмада, пән талаптарында, оқытушының немесе ғылыми жетекшінің талаптарында мұндай пайдалануға тыйым салынған жағдайда бағаланатын жұмысты өз бетінше орындаудың орнына генеративті жүйелерді, бағдарламалық құралдарды немесе өзге де цифрлық құралдарды пайдалану.

4. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАҒИДАТТАРЫ

4.1 Осы Қағидалардың мақсаты – Университетте академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру және қолдау, бұзушылықтардың алдын алу, бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету, академиялық процесс қатысушыларының құқықтарын қорғау және білім беру мен ғылыми қызмет нәтижелеріне деген сенімді нығайту.

4.2 Осы Қағидалардың міндеттері:

- білім алушылар, оқытушылар және Университет қызметкерлері арасында академиялық адалдық пен академиялық этика туралы бірыңғай түсінік қалыптастыру;
- түсіндіру, білім беру, әдістемелік және профилактикалық жұмыстар арқылы академиялық адалдық бұзушылықтарының алдын алу;
- оқу және ғылыми қызмет нәтижелерін объективті әрі әділ бағалауды қамтамасыз ету;
- академиялық адалдық бұзушылықтарының және жауапкершілік шараларының нақты жіктелуін белгілеу;
- ықтимал бұзушылықтарды қарау кезінде білім алушылардың, оқытушылардың және қызметкерлердің құқықтарын қорғау;
- білім алушылардың оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз бетінше орындауына жағдай жасау;
- академиялық адалдық бұзушылықтарының алдын алу, анықтау және қарау бойынша Университеттің ішкі рәсімдерін жетілдіру.

4.3 Академиялық адалдық пен академиялық этиканың негізгі қағидастарына мыналар жатады:

- адалдық – оқу, ғылыми және кәсіби міндеттерді шынайы әрі өз бетінше орындау;

- шыншылдық – алдауға, плагиатқа, фальсификацияға, фабрикацияға, рұқсат етілмеген көмекке және жалғандыққа жол бермеу;
- жауапкершілік – оқу, ғылыми және кәсіби қызмет нәтижелері үшін жеке жауапкершілікті түсіну;
- әділдік және теңдік – осы Қағидалар талаптарын академиялық процесс қатысушыларының барлығына бірдей қолдану;
- құрмет – өзге тұлғалардың зияткерлік үлесін мойындау, авторлық құқықтарды сақтау және дереккөздерді дұрыс пайдалану;
- ашықтық және айқындық – талаптардың, бағалау рәсімдерінің, дәйексөз келтіру ережелерінің және бұзушылық салдарының түсініктілігі;
- объективтілік – бағалау және академиялық шешімдер қабылдау кезінде біржақтылыққа, фаворитизмге, қысым көрсетуге және мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- сенім – білім беру процесі қатысушылары әділ әрі бейтарап рәсімдерге сене алатын қауіпсіз академиялық орта қалыптастыру;
- әдептілік – академиялық процесс қатысушылары арасындағы дұрыс, құрметті және кемсітушіліксіз өзара әрекет;
- ынтымақтастық – білім алушылардың, оқытушылардың, қызметкерлердің және Университет бөлімшелерінің академиялық адалдық мәдениетін дамытуға бірлесіп қатысуы;
- қағидаттылық – күрделі немесе даулы жағдайларда да академиялық адалдық нормаларын сақтау және қорғауға дайын болу.

4.4 Университет академиялық адалдық мәдениетін дамытуға, бұзушылықтардың алдын алуға және этикалық академиялық тәжірибелерді ілгерілетуге белсенді қатысатын білім алушыларды, оқытушыларды және қызметкерлерді көтермелеуге құқылы.

5. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ПЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ ЭТИКА БҰЗУШЫЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

5.1 Академиялық адалдық пен академиялық этика қағидаларын бұзушылықтарға академиялық процесс қатысушыларының негізсіз академиялық артықшылық алуға, оқу немесе ғылыми қызмет нәтижелерін бұрмалауға, авторлық құқықтарды бұзуға, бағалаудың объективтілігіне нұқсан келтіруге, білім беру процесі қатысушыларына қысым көрсетуге немесе академиялық ортадағы этикалық нормаларды бұзуға бағытталған әрекеттері немесе әрекетсіздігі жатады.

5.2 Жазбаша, оқу, жобалық және ғылыми жұмыстарды дайындау кезіндегі бұзушылықтарға мыналар жатады:

- плагиат – дереккөзін тиісті түрде көрсетпей, өзге тұлғаның мәтінін, идеясын, құрылымын, деректерін, суреттерін, есептеулерін, бағдарламалық кодын, нәтижелерін немесе өзге материалдарын пайдалану;

- өзін-өзі плагиаттау – бұрын орындалған жеке жұмысты немесе оның бөлігін жаңа жұмыс ретінде рұқсатсыз және қайта пайдаланылғанын көрсетпей ұсыну;

- жұмысты қайталап ұсыну – бір жұмысты бағалаудың әртүрлі компоненттері үшін оқытушымен немесе ғылыми жетекшімен келісусіз ұсыну;

- дұрыс емес парафраз – дереккөзге тиісті сілтеме жасамай, өзге тұлға мәтінінің мағынасын оның құрылымын, логикасын немесе негізгі тұжырымдарын сақтай отырып беру;

- оқу, ғылыми, жазбаша, жобалық, дипломдық, магистрлік, докторлық және өзге де бағаланатын дайын жұмыстарды сатып алу, сату, тапсырыс беру, беру немесе алу;

- басқа тұлға, тұлғалар тобы, ұйым, цифрлық сервис немесе жасанды интеллект жүйесі орындаған жұмысты өзінің дербес жұмысы ретінде ұсыну;

- мұндай пайдалануға тыйым салынған, қолданылғаны көрсетілмеген немесе бағаланатын жұмысты өз бетінше орындауды алмастыратын жағдайда генеративті жасанды интеллектіні құқыққа қайшы пайдалану.

5.3 Ағымдық, аралық, қорытынды бақылау және қорытынды аттестаттаудан өту кезіндегі бұзушылықтарға мыналар жатады:

- бағаланатын жұмысты орындау кезінде тыйым салынған материалдарды, техникалық құралдарды, цифрлық құрылғыларды, бағдарламаларды, шпаргалкаларды немесе өзге ресурстарды пайдалану немесе тарату;

- емтихан, тестілеу, қорғау, бақылау жұмысы немесе бағалаудың өзге нысаны кезінде ақпарат алмасу, рұқсат етілмеген көмек алу немесе беру;

- басқа білім алушының орнына бақылау, емтихан, тестілеу, қорғау немесе бағалаудың өзге нысанын тапсыру немесе өз орнына басқа тұлғаны тарту;

- емтихан өткізу тәртібін бұзуға, басқа білім алушыларға кедергі келтіруге немесе бақылау процесін бұзуға бағытталған әрекеттер;

- бақылау материалдарын, емтихан тапсырмаларын, жауаптарды, тесттерді және өзге бағалау материалдарын рұқсатсыз жасырын аудио-, бейне- немесе фотофиксациялау.

5.4 Деректерге, құжаттарға және оқу нәтижелеріне байланысты бұзушылықтарға мыналар жатады:

- деректерді, зерттеу нәтижелерін, кестелерді, сауалнамаларды, дереккөздерді, сілтемелерді, есептерді немесе өзге материалдарды фабрикациялау;

- деректерді, бағаларды, құжаттарды, қолдарды, медициналық анықтамаларды, есептерді, оқу немесе ғылыми қызмет нәтижелерін бұрмалау, өзгерту, ауыстыру немесе жасыру;

- ақпараттық жүйелерге, оқу жетістіктері базаларына, электрондық журналдарға, бағалау материалдарына немесе өзге академиялық деректерге рұқсатсыз қол жеткізу;

- құжаттарды, анықтамаларды, бақылау нәтижелерін, практика есептерін, ғылыми жарияланымдарды, сертификаттарды, дипломдарды, транскрипттерді немесе өзге құжаттарды қолдан жасау.

5.5 Авторлық және ғылыми этикаға байланысты бұзушылықтарға мыналар жатады:

- жұмыс, мақала, зерттеу, жоба немесе өзге нәтиже дайындауға қатыспаған тұлғаны автор ретінде көрсетуге мәжбүрлеу;

- бірлескен авторлардың үлесін жасыру, нақты авторды авторлар құрамынан алып тастау немесе авторлар ретін негізсіз өзгерту;

- нақты үлесі болмаған жағдайда мақалаларға, монографияларға, есептерге, жобаларға және өзге ғылыми нәтижелерге авторларды енгізу;

- басқа тұлғаның зерттеу нәтижелерін, идеяларын, деректерін, әдістемелерін, есептеулерін немесе қорытындыларын иемдену;

- ғылыми жетекшілік, рецензиялау, бағалау, сараптама жүргізу немесе академиялық шешім қабылдау кезінде мүдделер қақтығысы туралы хабарламау.

5.6 Білім беру қызметіндегі академиялық этика бұзушылықтарына мыналар жатады:

- оқу нәтижелерін бағалау кезінде объективсіз бағалау, біржақтылық, фаворитизм немесе кемсітушілік тәсіл қолдану;

- білім беру немесе ғылыми процесте қызметтік, академиялық немесе әкімшілік өкілеттіктерді теріс пайдалану;

- қорлау, буллинг, кемсіту, қысым көрсету, қорқыту, қудалау немесе сыйластыққа негізделген академиялық ортаны бұзатын өзге әрекеттер;

- білім алушыны академиялық адалдық нормаларын бұзуға мәжбүрлейтін немесе бағаланатын жұмысты орындауда тең емес жағдайға қоятын жағдайлар жасау.

5.7 Университет қызметкерлеріне, білім алушыларға, комиссия мүшелеріне, сарапшыларға, оқытушыларға немесе академиялық процестің өзге қатысушыларына заңсыз ықпал етуге пара беру әрекеттері, психологиялық қысым, бопсалау, қорқыту, көрінеу жалған мәліметтер тарату, бейнені заңсыз пайдалану, қудалау, арандатушылық, цифрлық айла-шарғылар және негізсіз академиялық артықшылық алуға, бағаны, шешімді, қорытындыны немесе қарау нәтижесін өзгертуге бағытталған өзге де әрекеттер жатады.

5.8 Осы бөлімде көзделген бұзушылықтар тізбесі толық болып табылмайды. Егер өзге әрекеттер осы Қағидалардың мақсаттары мен қағидаттарына, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, олар академиялық

адалдық немесе академиялық этика қағидаларын бұзушылық деп танылуы мүмкін.

6. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Білім алушылардың құқықтары:

- академиялық этика нормаларын сақтай отырып, оқу процесінде өз пікірін еркін білдіруге;
- ғылыми және оқу ақпаратын заңды тәсілдермен алуға, пайдалануға және таратуға;
- бағаланатын жұмыстарға қойылатын талаптар, дәйексөз келтіру қағидалары, дереккөздерді, цифрлық құралдарды және жасанды интеллектіні пайдалануға қойылатын талаптар туралы нақты ақпарат алуға;
- академиялық адалдық қағидаларын бұзды деген негізсіз айыптаудан қорғалуға;
- егер білім алушыға қатысты өтініш берілген жағдайда, болжамды бұзушылықтың мәні туралы ақпарат алуға;
- өтінішті қарау барысында жазбаша түсініктемелерін, дәлелдерін, материалдарын және өзге де мәліметтерін ұсынуға;
- өтінішті объективті, бейтарап және құпия түрде қаратуға;
- Академиялық адалдық және этика жөніндегі комитетке және Университеттің өзге де уәкілетті органдарына жүгінуге;
- осы Қағидаларда және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен апелляция беруге.

6.2 Білім алушылар міндетті:

- оқу тапсырмаларын орындау, бақылаудың барлық түрлерінен өту, жазбаша, жобалық, зерттеу және ғылыми жұмыстарды дайындау кезінде академиялық адалдық нормаларын сақтауға;
- егер тапсырмада немесе пән қағидаларында өзгеше көзделмесе, бағаланатын жұмыстардың барлық түрін өз бетінше орындауға;
- шынайы, тексерілген және тиісті түрде рәсімделген ақпарат көздерін пайдалануға;
- алынған идеяларды, мәтіндерді, деректерді, суреттерді, кестелерді, бағдарламалық кодты және өзге материалдарды дұрыс дәйексөз келтіру және рәсімдеуге;
- басқа тұлғаның жұмысын, сатып алынған жұмысты, өзге тұлға орындаған жұмысты, цифрлық сервис немесе жасанды интеллект жүйесі дайындаған жұмысты өзінің дербес жұмысы ретінде ұсынбауға;
- егер бұл тапсырма, пән талаптарында, ғылыми жетекшінің немесе Университет талаптарында көзделсе, жасанды интеллектіні, цифрлық

құралдарды, консультациялық көмекті немесе өзге сыртқы құралдарды пайдаланғанын көрсетуге;

- өз жұмыстарын басқа тұлғаларға заңсыз пайдалануға бермеуге;
- Кодекс, осы Қағидалар және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға;
- жеткілікті негіздер болған жағдайда, өзіне белгілі болған академиялық адалдық бұзушылықтары туралы оқытушыға, ғылыми жетекшіге, деканатқа, Комитетке немесе өзге уәкілетті бөлімшеге дереу хабарлауға;
- даулы жағдайларды Университет рәсімдері шеңберінде адал және дұрыс реттеуге шаралар қабылдауға.

7. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1 Білім беру, ғылыми, зерттеу, сараптамалық және бағалау процестеріне қатысатын қызметкерлер, оқытушылар, ғылыми жетекшілер және өзге тұлғалар құқылы:

- заңнама, білім беру бағдарламасы және Университеттің ішкі құжаттары шеңберінде академиялық еркіндікке, еркін оқытуға және кәсіби пікірін білдіруге;
- объективтілік, ашықтық және талаптардың теңдігі қағидаттарын сақтай отырып, педагогикалық тұрғыдан негізделген оқыту және бағалау нысандарын, әдістерін және құралдарын таңдауға;
- негізсіз айыптаулар, қысым көрсету немесе заңсыз ықпал ету жағдайларында кәсіби ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғауға;
- Академиялық адалдық және этика жөніндегі комитетке, өтініштерді қарау жөніндегі комиссияға, тәртіптік және Университеттің өзге де уәкілетті органдарына жүгінуге;
- егер қызметкер өтініш беруші, куәгер немесе өзіне қатысты өтініш берілген тұлға болып табылса, өтінішті объективті және бейтарап қаратуға;
- қысым көрсету, қорқыту, бопсалау, арандату немесе академиялық шешімге ықпал ету әрекеттері болған жағдайда Университет тарапынан ұйымдастырушылық, әдістемелік және құқықтық қолдау алуға.

7.2 Білім беру, ғылыми, зерттеу, сараптамалық және бағалау процестеріне қатысатын қызметкерлер, оқытушылар, ғылыми жетекшілер және өзге тұлғалар міндетті:

- академиялық адалдық, академиялық этика, кәсіби этика нормаларын және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға;
- оқу нәтижелерін объективті, ашық, әділ және кемсітушіліксіз бағалауды қамтамасыз етуге;

- білім алушыларға бағаланатын жұмыстарды орындау талаптарын, ынтымақтастық жасауға жол берілуін, дереккөздерді, цифрлық құралдарды және жасанды интеллектіні пайдалану тәртібін алдын ала түсіндіруге;
- фаворитизмге, біржақтылыққа, бағаларды негізсіз көтеруге немесе төмендетуге, білім алушыларға немесе білім беру процесінің өзге қатысушыларына қысым көрсетуге жол бермеуге;
- ғылыми, зерттеу, сараптамалық және жарияланым қызметінде авторлық, дәйексөз келтіру, деректердің шынайылығы және мүдделер қақтығысын ашу талаптарын сақтауға;
- академиялық адалдық бұзушылықтарының анықталған фактілері туралы Университет басшылығына, деканатқа, Комитетке немесе өзге уәкілетті бөлімшеге дереу хабарлауға;
- білім алушыларды тең емес жағдайға қоятын немесе академиялық адалдық нормаларын бұзуға мәжбүрлейтін жағдайлар жасамауға;
- өтініш материалдарының, өтініш берушілер, куәгерлер және қарау жүргізіліп жатқан тұлғалар туралы мәліметтердің құпиялылығын сақтауға.

7.3 Қорқытуға, қысым көрсетуге, жанжал жағдайларына, қауіпсіздік мәселелеріне, білім алушылармен және олардың өкілдерімен өзара іс-қимыл кезінде бейне және аудиофиксация жасауға байланысты әрекет ету тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Университеттің жекелеген ішкі құжаттарымен реттеледі.

8. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫН БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ТӘРТІБІ

8.1 Академиялық адалдық қағидаларын бұзушылықтар ағымдық, аралық, қорытынды бақылау, қорытынды аттестаттау өткізу кезінде, жазбаша, жобалық, зерттеу және ғылыми жұмыстарды қорғау барысында, құжаттарды тексеру кезінде, өтініштерді қарау барысында, антиплагиат тексеру нәтижелерін талдау кезінде, сондай-ақ білім беру және ғылыми қызметтің өзге де кезеңдерінде анықталуы мүмкін.

8.2 Академиялық адалдықтың ықтимал бұзушылығы туралы ақпаратты оқытушы, білім алушы, қызметкер, құрылымдық бөлімше, комиссия мүшесі, ғылыми жетекші, сарапшы немесе академиялық процестің өзге де қатысушысы ұсына алады.

8.3 Академиялық адалдықтың ықтимал бұзушылығы туралы өтініш Академиялық адалдық және этика жөніндегі комитетке жазбаша немесе электрондық нысанда Академиялық адалдық және этика жөніндегі комитет туралы ережеде белгіленген тәртіппен жолданады.

8.4 Өтініште болжамды бұзушылықтың сипаттамасы, өтініш берілетін тұлға немесе тұлғалар туралы мәліметтер, қолда бар дәлелдер немесе ақпарат

көздеріне сілтемелер, сондай-ақ Университеттің ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, өтініш берушінің байланыс деректері көрсетілуге тиіс.

8.5 Ықтимал бұзушылықты қарау кезінде бұзушылықтың сипаты, ауырлық дәрежесі, қасақана жасалғаны немесе жасалмағаны, қайталануы, бұзушылық салдары, жасалу жағдайлары, бұзушылық фактісін мойындау, қарау процесіне жәрдемдесу, сондай-ақ жағдайды объективті бағалау үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар ескеріледі.

8.6 Жазбаша немесе ғылыми жұмысты автоматтандырылған тексеру нәтижелері, оның ішінде қарыз алу пайызы, антиплагиат жүйесінің немесе өзге цифрлық құралдың есебі жұмысты, дереккөздерді, алынған материалдардың сипатын және білім алушының немесе қызметкердің түсініктемелерін мазмұнды талдаусыз бұзушылықты тану үшін дербес әрі жеткілікті негіз болып табылмайды.

8.7 Академиялық адалдық және этика жөніндегі комитет өтініштерді қарайды, бұзушылықтың бар-жоғын саралайды және Комитет туралы ережеде және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген құзыреті шегінде шешім немесе ұсыным шығарады.

9. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ШАРАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

9.1 Академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары әділеттілікті қалпына келтіру, қайталама бұзушылықтардың алдын алу, бағалаудың объективтілігін, Университеттің академиялық беделін қорғау және адал мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында қолданылады.

9.2 Жауапкершілік шарасын айқындау кезінде бұзушылық санаты, салдарының ауырлығы, қасақана жасалғаны немесе жасалмағаны, бұзушылықтың алғаш рет немесе қайталанып жасалуы, бұзушылықты мойындау, қарауға жәрдемдесу, салдарын жою, сондай-ақ істің өзге де мән-жайлары ескеріледі.

9.3 Академиялық адалдық және этика жөніндегі комитет өтінішті қарау нәтижелері бойынша академиялық адалдық қағидаларының бұзылуының бар-жоғын анықтайды және белгіленген бұзушылықты, істің мән-жайларын және осы Қағидаларға сәйкес қолданылуға тиіс жауапкершілік шарасын көрсете отырып, Университет ректорының атына ұсыныс енгізу туралы алқалы шешім қабылдайды. Комитеттің ұсынысы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ректордың қарарына қою және қабылданған шешімді орындауды ұйымдастыру үшін Университет ректорына жіберіледі. Ұсынысты орындауға кедергі келтіретін құқықтық, рәсімдік немесе құзыреттік негіздер анықталған жағдайда, мәселе тиісті негіздемемен Комитеттің қайта қарауына жіберіледі.

9.4 Білім алушыларға қатысты келесі академиялық және тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін:

- ауызша немесе жазбаша ескерту;
- сөгіс;
- академиялық адалдық бойынша қосымша жазбаша жұмыс, консультация, тренинг немесе өзге де білім беру іс-шарасын тағайындау;
- бағаланатын жұмыс үшін бағаны төмендету;
- бағаланатын жұмыс, бақылау, емтихан, жоба немесе ғылыми жұмыс нәтижесін жою;
- Университет белгілеген тәртіппен жаңа жұмысты орындауға немесе қайта бақылаудан өтуге мүмкіндік беру;
- пәнді қайта оқу;
- стипендиялық бағдарламаларға, гранттарға, конкурстарға, академиялық бағдарламаларға немесе өзге мүмкіндіктерге қатысуды уақытша шектеу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен оқудан шығаруға дейінгі тәртіптік шаралар.

9.5 Қызметкерлерге қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында және Университеттің ішкі құжаттарында көзделген тәртіптік жауапкершілік шаралары, оның ішінде ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, еңбек шартын бұзу, сондай-ақ жұмыс берушінің құзыреті шегіндегі өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

9.6 Әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, Университет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес материалдарды уәкілетті органдарға жолдауға құқылы.

9.7 Академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын айқындау кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында бұзушылықтардың және ұсынылатын ықпал ету шараларының келесі жіктелуі қолданылады (1-кесте). Кесте Академиялық адалдық және этика жөніндегі комитетпен өтініштерді қарау кезінде бұзушылықты саралау және жауапкершілік шараларын қолдану жөніндегі ұсынымды дайындау үшін бағдар ретінде пайдаланылады. Бұл ретте нақты шара осы Қағидалардың 9.2-тармағында көрсетілген бұзушылық сипатын, ауырлық дәрежесін, қасақаналықтың болуын немесе болмауын, алғаш рет немесе қайталанып жасалуын, салдарын, тараптардың түсініктемелерін және істің өзге де мән-жайларын ескере отырып айқындалады.

1-кесте – Академиялық адалдық қағидаларын бұзушылықтардың жіктелуі және ұсынылатын жауапкершілік шаралары.

Бұзушылық санаты	Бірінші рет қасақана жасалмаған	Бірінші рет қасақана жасалған бұзушылық	Қайталама бұзушылы
------------------	---------------------------------	---	--------------------

	бұзушылық		
Академиялық адалдықтың елеусіз бұзушылықтары: дәйексөз келтірудегі техникалық қателер, жекелеген алынған материалдарды дұрыс рәсімдемеу, авторлықты елеулі түрде бұрмаламай парафразды тиісінше рәсімдемеудің жекелеген жағдайлары	Ескерту; консультация беру; жұмысты түзету; дәйексөз келтіру қағидалары бойынша қосымша тапсырма беру	Сөгіс; бағаны төмендету; қосымша жазбаша жұмыс; міндетті кеңес беру	Қатаң сөгіс; бағаны қанағаттанарлықсыз деңгейге дейін төмендету; бағаланатын жұмыс нәтижесін жою.
Оқу жұмыстарын орындау және білімді бақылаудан өту кезіндегі бұзушылықтар: көшіру, тыйым салынған көмек көрсету, тыйым салынған материалдарды пайдалану, жұмысты қайталап ұсыну, келісілмеген ынтымақтастық	Сөгіс; бағаны төмендету; қосымша жазбаша жұмыс немесе тапсырманы қайта орындау	Қатаң сөгіс; жұмыс немесе бақылау нәтижесін жою; бағаны қанағаттанарлықсыз деңгейге дейін төмендет	Нәтижені жою; пәнді қайта оқу; бағдарламаларға қатысуды уақытша шектеу; негіздер болған жағдайда оқудан шығару.
Академиялық адалдықтың өрескел бұзушылықтары: жұмысты сатып алу немесе сату, орнына басқа тұлғаны жіберу, өзге тұлғаның жұмысын өзінің жұмысы ретінде ұсыну, елеулі плагиат, жұмысты өз бетінше орындаудың орнына жасанды интеллектіні құқыққа қайшы пайдалану	Сөгіс; бағалау нәтижесін жою; жұмысты қайта орындау немесе пәнді қайта оқу	Бағалау нәтижесін жою; пәнді қайта оқу; бағдарламаларға қатысуды шектеу; тәртіптік шаралар қолдану	Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен оқудан шығару немесе өзге де тәртіптік шаралар қолдану.
Деректерді, құжаттарды және оқу	Сөгіс; нәтижені жою; пәнді қайта	Нәтижені жою; бағдарламаларға	Университеттің ішкі құжаттарында



нәтижелерін фабрикациялау және фальсификациялау	оқу немесе жұмысты қайта орындау	қатысуды шектеу; оқудан шығаруға дейінгі тәртіптік шаралар қолдану	белгіленген тәртіппен оқудан шығару немесе өзге де тәртіптік шаралар қолдану.
Емтихан өткізу тәртібін, қорытынды бақылауды немесе қорытынды аттестаттауды бұзу	Ескерту; бағаны төмендету немесе бақылау нәтижесін жою	Сөгіс; бақылау нәтижесін жою; негіздер болған жағдайда	Пәнді қайта оқу; оқудан шығару немесе өзге де тәртіптік шаралар қолдану.
Авторлық және ғылыми этика қағидаларын бұзу; авторлықты мәжбүрлеп тану, бірлескен авторлардың үлесін жасыру, зерттеу нәтижелерін иемдену, мүдделер қақтығысын ашпау	Ескерту; авторлықты түзету; жазбаша ескерту; міндетті консультация	Сөгіс; негіздер болған жағдайда жұмысты, жарияланымды, қорытындыны немесе нәтижені жою немесе кері қайтарып алу	Тәртіптік шаралар қолдану; ғылыми және академиялық бағдарламаларға қатысуды шектеу; материалдарды Университеттің уәкілетті органдарына жолдау.
Қызметкерлер тарапынан академиялық этика қағидаларын бұзу; объективті емес бағалау, фаворитизм, біржақтылық, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, тең емес жағдайлар жасау	Жазбаша ескерту; қызметтік қарау жүргізу; бағалау рәсімін әдістемелік тұрғыдан түзету	Сөгіс; бағалау нәтижесін жою немесе қайта қарау; қызметкерге қатысты тәртіптік шаралар қолдану	Қатаң сөгіс; еңбек шартын бұзу немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен өзге де шаралар қолдану.
Академиялық процесс қатысушыларына: қызметкерлерге, білім алушыларға, комиссия мүшелеріне, сарапшыларға немесе өзге тұлғаларға заңсыз ықпал ету	Сөгіс; бағдарламаларға қатысуды шектеу; бағалауға байланысты болған жағдайда нәтижені жою	Пәнді қайта оқу; бағдарламаларға қатысуды шектеу; оқудан шығаруға дейінгі тәртіптік шаралар қолдану	Университеттің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен оқудан шығару немесе өзге де шаралар қолдану.

10. АПЕЛЛЯЦИЯ ЖӘНЕ ҚАРАУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

10.1 Академиялық адалдық қағидаларын бұзу фактісі бойынша шешім немесе ұсыным қабылданған білім алушы, қызметкер немесе өзге тұлға осы Қағидаларда және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен апелляция беруге құқылы.

10.2 Апелляция өтінішті қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешіммен немесе ұсыныммен тұлға таныстырылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде берілуі мүмкін.

10.3 Апелляция жазбаша түрде Апелляциялық комиссияға беріледі. Егер бұл мүдделер қақтығысын туындатса немесе қайта қараудың бейтараптығына күмән келтірсе, апелляцияны сол тұлғалар құрамының қарауына жол берілмейді.

10.4 Апелляция беру негіздеріне мыналар жатады:

- қарау рәсімінің бұзылуы;
- жаңа маңызды мән-жайлардың анықталуы;
- бұзушылықты дұрыс сараламау;
- ұсынылған жауапкершілік шарасының сәйкессіздігі;
- қабылданған шешімнің объективтілігіне әсер ететін өзге де жағдайлар.

10.5 Өзіне қатысты өтініш қаралып жатқан тұлға:

- болжамды бұзушылықтың мәні туралы хабардар болуға;
- түсініктемелер мен дәлелдерді ұсынуға;
- белгіленген шекте қарау материалдарымен танысуға;
- қажет болған жағдайда отырысқа қатысуға;
- Комитет мүшелерінің мүдделер қақтығысы туралы мәлімдеуге;
- қарау нәтижелері туралы ақпарат алуға құқылы.

10.6 Өтініштер мен апелляцияларды қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Университеттің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректердің, өтініш материалдарының, өтініш берушілер, куәгерлер және өзіне қатысты қарау жүргізіліп жатқан тұлғалар туралы мәліметтердің құпиялылығы қамтамасыз етіледі.

11. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

11.1 Университет академиялық адалдық қағидаларын бұзушылықтардың алдын алуды ақпараттық-түсіндіру, білім беру, әдістемелік, консультациялық және мониторингтік жұмыстар арқылы жүзеге асырады.

11.2 Алдын алу шараларына мыналар жатады:

- білім алушылар мен қызметкерлерді осы Қағидалармен, Ар-намыс кодексімен және Университеттің өзге де ішкі құжаттарымен таныстыру;
- академиялық адалдық, дәйексөз келтіру, антиплагиат, ғылыми этика және жасанды интеллектіні рұқсат етілген пайдалану мәселелері бойынша кіріспе нұсқаулықтар, семинарлар, тренингтер және консультациялар өткізу;
- жазбаша, жобалық, зерттеу және ғылыми жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

- тексеру нәтижелерін міндетті түрде мазмұнды талдау арқылы ұқсастықтарды тексеру жүйелерін және өзге цифрлық құралдарды пайдалану;

- қайталанатын бұзушылықтарға мониторинг жүргізу және білім беру, бағалау және ұйымдастырушылық рәсімдерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- адал бағалау мәдениетін, дұрыс кері байланысты және өзара құрметке негізделген академиялық қарым-қатынасты қалыптастыру.

11.3 Академиялық адалдық және этика жөніндегі комитет жыл сайын Университеттегі академиялық адалдық жағдайы, өтініштердің сипаты, анықталған бұзушылықтар, қабылданған шаралар, алдын алу іс-шаралары және академиялық адалдық саясатын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар туралы талдамалық ақпарат дайындайды.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР


12.1 Осы Қағидалар және оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

12.2 Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Университет Жарғысымен, Ар-намыс кодексімен, Академиялық адалдық және этика жөніндегі комитет туралы ережемен және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

12.3 Университеттің іскерлік беделін қорғау, жария мәлімдемелерге, әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға, шынайы емес ақпарат таратуға, қауіпсіздік мәселелеріне, бейне және аудиофиксацияға, материалдық залалға және құқықтық қорғауға байланысты мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Университеттің жекелеген ішкі құжаттарымен реттеледі.


12.4 Құжат аудитіне жауапты тұлға – Академиялық мәселелер жөніндегі бірінші проректор.

12.5 Құжатты сақтау үшін жауапты бөлімше – Білім сапасы және стратегиялық талдау бөлімі.



Редакция: 5-й
18 бет 19 -тен

[illegible]



Редакция: 5-й
19 бет 19 -тен

Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]